

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 1117 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ Кешенді жоспардың орындалуына жауапты өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы және толық орындалуын және көрсеткіштерге қол жеткізілуін қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі 15 қаңтардан және 15 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі 15 ақпаннан және 15 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 1117 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар

Кіріспе

Есірткіге қатысты ахуал туралы

Қазіргі заманда есірткі өндірісі мен таралуының өсуі, трансұлттық есірткі желілерінің және жаңа жеткізу маршруттарының жандануы, өлім-жітім мен

психикалық бұзылушылықтардың көбеюі, әлеуметтік тұрақсыздық пен қылмыскерліктің күшеюі, жастардың цифрлық арналар мен есірткі мәдениеті арқылы тартылуы, есірткі саудасын терроризмді қаржыландыру мен ақшаны жылыстату үшін пайдалану байқалып отыр, бұл жаһандық қауіпсіздікке, оның ішінде Қазақстанда да елеулі медициналық, әлеуметтік-экономикалық және геосаяси қауіптер төндіруде, жалпы есірткі нарығы құрылымының өзгеруіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың дамуының жоғары қарқындылығымен, сондай-ақ тыйым салынған заттарды жеткізу және тарату нысандарының, әдістерінің түрленуімен сипатталады.

Жаңа кезеңдегі жаһандық тұрақсыздық есірткіге қарсы іс-қимыл саласында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлерді қалыптастыруда, бұл қылмыстық топтардың мақсаттарын, құрылымы мен қызметін жан-жақты талдауды талап етеді. Сонымен қатар әлем бойынша күшейіп келе жатқан әлеуметтік-экономикалық осалдық есірткіге қатысты ахуалдың күрделене түсуіне ықпал етіп, халықтың анағұрлым осал топтарын қорғау үшін тереңдетілген ведомствоаралық және мемлекетаралық ынтымақтастықтың қажеттігін негіздейді. Бұл ретте қоғамдық денсаулық сақтау есірткі тұтынумен, азаматтардың психикалық денсаулығының жай-күйіне байланысты ұлғая түсетін тәуекелдерге тап болып отыр, бұл тиісті бұзылушылықтардың салдарын төмендетуге бағытталған жеткілікті қаржы ресурстары арқылы денсаулық сақтау жүйелерін нығайтуды талап етеді.

Есірткі қылмыскерлігінің технологиялық аспектісінің күшеюі, оның "киберкеңістікке" өтуі, криптовалюталарды қолдану және құрамы мен әсері жағынан барған сайын күрделене түскен психикаға белсенді әсер ететін заттардың пайда болуы мемлекеттік органдардың ортақ күш-жігерді шоғырландыруын талап етеді. Осы тұрғыда есірткіге қатысты ахуалдың дамуына әсер ететін өзекті үрдістер мен факторларды талдау есірткі қылмыскерлігіне қарсы іс-қимыл жасаудың нақты шараларын тұжырымдау үшін бірінші кезектегі мәнге ие болуда.

Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетінің дамуы, оның ішінде еліміздің ірі халықаралық есірткі трафигінің торабында орналасуы оның есірткі, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорларының транзиттік тасымалына осалдығын алдын ала болжамдайды. Бұл ретте синтетикалық есірткілерді жасырын есірткі зертханалары жағдайында өндірумен және кейіннен оларды негізінен "байланысқа түспейтін" тәсілмен таратумен, оңтүстік өңірлерде жабайы және қолдан өсірілетін сорадан каннабис тобындағы есірткіні маусымдық дайындаумен, сондай-ақ "дәріханалық" нашақорлықтың өсуімен байланысты ішкі қысым сақталуда.

Қазіргі уақытта тұтынылатын есірткінің мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады: синтетикалық есірткілер, оның ішінде амфетамин туындылары мен алмастырылған катинондар (мефедрон, а-PVP, "тұздар", "микс", "жылдамдық" деп аталатындар және т.б.), олардың психостимуляциялық әсері мен уыттылығы жоғары, тұтынудың ерте кезеңінде анықталуы қиындық тудырады, тәуелділікті тез қалыптастырып,

тұтынушылардың, әсіресе жастар мен жасөспірімдердің психикалық және физикалық денсаулығына ауыр зиян келтіреді. ҚСАЕК деректеріне сәйкес синтетика өндіретін анықталған есірткі зертханаларының саны 2023 жылы 45 %-ға, ал 2024 жылы 31 %-ға артқан;

каннабис және оның туындылары (гашиш, марихуана және т.б.) ішкі нарықта ең жиі тәркіленетін есірткі өсімдіктерінің бірі, бұл өзімізде, әсіресе Шу алқабында шикізат базасының болуымен байланысты. Өсімдіктерді өсіру мен дайындаудың белсенді кезеңінде жыл сайынғы "Қарасора" ЖПШ шеңберінде оны жою және жеткізу арналарына тосқауыл қою бойынша іс-шаралар үнемі жүргізілетініне қарамастан, аталған есірткі түрінің ірі партияларын Ақмола, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында тәркілеу фактілері жалғасуда, олар ел аумағы арқылы, оның ішінде логистикалық компаниялар арқылы тасымалдануда. Бұдан басқа, соңғы жылдары гидропоникалық және топырақта өсіру әдістері, жарықтандыру, желдету, ылғалдылық пен температуралық режимді бақылау жүйелері қолданылатын жабық үй-жайларда жасалатын фитозертханалар санының артқаны байқалады. 2024 жылы жойылған фитозертханалар саны 70 %-дан астамға өсті;

апиынді есірткілердің, оның ішінде героиннің Ауғанстаннан транзит арқылы келіп түсуі жалғасуда. БҰҰ ЕҚБ деректеріне сәйкес маршрут халықаралық есірткі трафигінде жоғары маңыздылығын сақтап отыр, оған 2023–2024 жылдары Павлодар (60 кг) және Түркістан (775 кг) облыстарында героиннің бірқатар ірі партияларының тәркіленуі дәлел бола алады;

құрамында кодеин, фенобарбитал және өзге де тыйым салынған заттар бар психикаға белсенді әсер ететін дәрілік препараттар "дәріханалық" деп аталатын нашақорлықтың өсуіне ықпал етуде.

Жыл сайын заңсыз айналымнан тәркіленетін есірткі көлемі шамамен 20 – 25 тоннаны құрайды, оның ішінде 90 %-ға жуығы каннабис тобындағы есірткіге, 8 %-ға жуығы синтетикалық есірткіге, кемінде 2 %-ы апиынға, героин мен өзге де тыйым салынған заттар түрлеріне тиесілі.

2024 жылы тәркіленген есірткінің жалпы көлемі 22 тоннаны құрады, оның ішінде "синтетиктер" – 547 кг, героин мен апиын – 2,3 кг, марихуана және гашиш – 10,6 тонна, каннабис – 10,7 тонна.

Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру аяқталу кезеңінде екендігін атап өткен жөн, бұл ретте бірқатар басты әрі проблемалық бағыттарды қоса алғанда, іс-шаралардың басым бөлігі орындалды. Атап айтқанда, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, прекурсорлардың заңды айналымын бақылау күшейтілді, білім беру және жастар ортасында профилактикалық шаралар кеңейтілді, цифрлық арналар және т.б. арқылы есірткінің таралуына қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс жандандырылды.

Мәселен, "есірткі жасырушылар" деп аталатындарды қоса алғанда, есірткі бизнесін ұйымдастырушылар мен есірткі таратушылардың қылмыстық жауапкершілігінің аражігін ажырататын өзгерістер енгізілді. Бұл шара көбінесе жастарға және алғаш рет сотталған адамдарға қатысты жазалауды ізгілендіруге бағытталған. Жаңа заңнамалық нормалардың қабылдануымен есірткі қылмыстары үшін сотталғандардың жазасын жеңілдететін Заңның кері күшінің (ҚК-ның 6-бабы) ережелері күшіне енді. Оларға шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін анағұрлым жеңіл түріне (айыппұл немесе бас бостандығын шектеу) ауыстыру құқығы беріледі. Үкімдерді қайта қарау колония әкімшілігінің ұсынысы немесе сотталғанның өтінішхаты негізінде сот шешімі бойынша жеке жүзеге асырылады. Осыған байланысты есірткі қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды қайта әлеуметтендіру бойынша жүйелі жұмыс ерекше маңызға ие болуда. Олардың заңға бағынатын өмірге қайта оралуын және қоғамға толыққанды қайта кірігуін қамтамасыз ету үшін психологиялық қолдау, кәсіби бағдарлау, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және рецидивтің профилактикасы бағдарламаларын ұйымдастыру қажет.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда күшті әсер ететін заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін жаңа заңнамалық нормалар күшіне енеді. Осыған байланысты уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы тәртібін, құқық қолдану практикасының алгоритмдерін және жедел-ізвестіру іс-шараларын нормативтік қамтамасыз етуді қоса алғанда, аталған нормалардың іске асырылуын қамтамасыз ететін шаралар қажет.

Есірткіні медициналық емес мақсатта тұтынғаны үшін жауапкершілікті көздейтін жаңа әкімшілік құқық бұзушылық құрамы (ӘҚТК-нің 440-1-бабы) енгізілді. Норманы тиімді іске асыру үшін халықты жаңа қағидалар мен оларды бұзудың салдары туралы белсенді хабардар етуге, сондай-ақ анықтау, ұстау және әкімшілік құқық бұзушылықтарды ресімдеу кезінде рәсімдердің реттілігі мен заңдылығын қамтамасыз ететін іс-қимыл алгоритмдерін әзірлеуге бағытталған шаралар кешенін қабылдау қажет.

Синтетикалық есірткілерден болатын қауіп-қатердің артуы жағдайында Қазақстан прекурсорлар мен оларды өндіруде ықтимал пайдаланылатын химиялық заттардың айналымын бақылауды күшейту бойынша жүйелі шараларды қабылдауда. Негізгі қадамдардың бірі ұлттық ведомствоаралық таргетинг-орталықты – прекурсорлардың заңды айналымы саласындағы тәуекелдерді басқару және деректер алмасу жөніндегі талдамалық платформаны құрудың ұйымдастырушылық негіздерін одан әрі іске асыру және жетілдіру болады. Олардың айналымын мониторингтеудің заманауи механизмдерін әзірлеу және ендіру, тәуекелге бағдарланған тәсілдерді қолдану, ведомствоаралық деректер алмасудың тиімді жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ орталықтың жұмыс істеуінің нормативтік базасын, сол сияқты қаржыландыру мәселелерін шешуді пысықтау көзделуде.

ІІМ мемлекеттік органдармен бірлесіп есірткіге қатысты құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл саласындағы профилактикалық жұмысты жандандырды. Профилактикалық іс-шаралар саны 28 %-ға артты. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл едәуір кеңейтілді: денсаулық сақтау және білім беру органдарымен бірлескен акциялар саны 25 %-ға, үкіметтік емес ұйымдармен – шамамен үштен біріне өсті. БАҚ-та орналастырылған ақпараттық материалдар саны екі есе артты.

ІІМ жанынан алғаш рет Есірткі құқық бұзушылықтары профилактикасы жөніндегі кеңес құрылды, оның құрамына Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің, Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, медиатұлғалар, танымал спортшылар, блогерлер, қоғам қайраткерлері, сарапшылар мен наркологалар кірді.

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, ЖАО-ның есірткіге қарсы қызметінің тиімділігін бағалаудың жаңа индикаторлары мен өлшемшарттары әзірленді. Аталған көрсеткіштерді енгізу өңірлердегі есірткіге қатысты ахуалды жүйелі түрде мониторингтеуді және анықталған проблемаларды жою бойынша пәрменді шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бірінші кезектегі шаралар.

Таяудағы перспективада есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестің тиімділігін арттыруға бағытталған мынадай бірінші кезектегі шараларды іске асыру талап етіледі:

есірткі жарнамасына және оны таратумен байланысты интернет-контентті мониторингтеу, анықтау және бұғаттау үшін ЖИ және машиналық оқыту элементтері бар заманауи бағдарламалық кешендерді ендіру;

есірткі плантацияларын, жасырын есірткі зертханаларын және прекурсорлар жасырылған орындарды тиімді барлау және жою үшін есірткіге қарсы бөлімшелерді газ талдағыштары, спектральдық камералары, түнде көру, химиялық қорғаныш және геолокация құралдары бар ПҰА-мен жарақтандыру;

халық арасында, әсіресе жастар ортасында есірткіні тұтыну көлемін бағалау үшін қалалық агломерацияларда сарқынды суларды химиялық талдау әдістемесін ендіру;

ақпарат алмасудың қорғалған арналарын (I-24/7 жүйесі) пайдалану желісі, транзакцияларды бақылау және трансшекаралық есірткі трафигінің жолын кесу бойынша Интерполмен және ҰҚШҰ елдерімен халықаралық ынтымақтастықты жандандыру;

жергілікті жерлерде есірткіге қарсы бағдарламалардың іске асырылуына лауазымды адамдардың дербес жауапкершілігін енгізе отырып, есірткіге қатысты құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі құзыреттерді нақты МО-ға нормативтік тұрғыдан бекітіп беру;

әрбір өңірде есірткіге қатысты құқық бұзушылықтар профилактикасының пәрменді жүйесін белсенділерді, блогерлерді, ҮЕҰ мен білім беру ұйымдарының өкілдерін осы жұмысқа тарта отырып қалыптастыру;

есірткі қылмыстары фактілері туралы ерікті түрде хабарлаған немесе олардың жолын кесуге жәрдемдескен азаматтарды қаржылай көтермелеу тетігін институттандыру.

Жалпы Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспардың (бұдан әрі – Кешенді жоспар) іс-шараларын іске асыруға бюджеттен 18,2 млрд теңге бөлу көзделген .

Паспорт

1.	Атауы	Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар
2.	Өзірлеу үшін негіздеме	Мемлекет басшысының 2025 жылғы 14 наурыздағы Ұлттық құрылтайдың IV отырысында берген тапсырмасын орындау шеңберінде. Тапсырманың нөмірі мен күні: 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 16-12/04-705//25-01-11.1
3.	Іске асыру мерзімдері	2026 – 2028 жылдар
4.	Өзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атауы	ІІМ, ЖС, ҰБ, БП, ҰҚК, ҚМА, ҚНРДА, СЖРА, ДСМ, СІМ, МАМ, ҒЖБМ, ҰЭМ, Әділетмині, Қаржымині, КМ, ЖИЦДМ, Еңбекмині, Қорғанысмині, ОМ, АШМ, СИМ, ТСМ, ЭТРМ, ТЖМ, ӨҚМ, ЖАО
5.	Негізгі проблемалар мен оларды шешу бойынша міндеттерді көрсете отырып, Кешенді жоспарды қабылдау қажеттігі туралы қысқаша ақпарат	2026–2028 жылдарға арналған Кешенді жоспарды қабылдау қажеттігі жаңа синтетикалық есірткілердің көбеюімен, жастардың тартылуымен, онлайн-өткізудің дамуымен және қолданыстағы шаралар тиімділігінің жеткіліксіз болуымен шарттасқан. Профилактиканы күшейту, құқық қорғау құралдарын жаңғырту, медициналық және оңалту көмегін кеңейту, заңнаманы жетілдіру және ведомствоаралық үйлестіруді арттыру талап етіледі

					Қаржыландыру көлемі, мың теңге	
--	--	--	--	--	--------------------------------	--

P/c №	Атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	2026–2028 жылдарға барлығы	оның ішінде			Қаржыландыру көздері
						2026 жылы	2027 жылы	2028 жылы	

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Күтілетін нәтижелер:

1.	Анықталған құқыққа қайшы (деструктивті) контенттің жалпы санынан анықталған есірткі сайттарының, есірткі жарнамасының үлесін 2026 жылы 10 %-ға, 2027 жылы 13 %-ға, 2028 жылы 16 %-ға ұлғайту (дереккөз: МАМ есебі)								
2.	Ерікті емдеуден өткен есірткіге тәуелділердің жалпы санынан медициналық-әлеуметтік оңалту бағдарламасымен қамтылған адамдардың үлесін 2026 жылы 31 %-ға, 2027 жылы 33 %-ға, 2028 жылы 35 %-ға ұлғайту (дереккөз: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері)								
3.	Синтетикалық есірткінің заңсыз айналымнан алынуын жыл сайын ұлғайту арқылы оның қолжетімді болуын 2026 жылы 20 %-ға, 2027 жылы 25 %-ға, 2028 жылы 28 %-ға төмендету (дереккөз: ҚСАЕК мәліметтері)								
4.	Есірткі қылмыскерлігі саласындағы жойылған ұйымдасқан қылмыстық топтар санын 2026 жылы 5 %-ға, 2027 жылы 6 %-ға, 2028 жылы 7 %-ға ұлғайту (дереккөз: ҚСАЕК 1-Н есебі)								
5.	Есірткіні, психотроптық және күшті әсер ететін заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын тасымалдаудың, оның ішінде халықаралық тасымалдаудың анықталған арналарын 2026 жылы 5 %-ға, 2027 жылы 7 %-ға, 2028 жылы 10 %-ға ұлғайту (дереккөз: ПМ, ҰҚК, ҚМА, Қаржымині МКК деректері)								
6.	Есірткі, психотроптық және күшті әсер ететін заттар, олардың аналогтары мен прекурсорлары контрабандасының жолы кесілген фактілерін 2026 жылы 5 %-ға, 2027 жылы 7 %-ға, 2028 жылы 10 %-ға ұлғайту (дереккөз: ҚСАЕК 1-Н есебі)								
7.	Есірткіге қатысты құқық бұзушылықтар үшін ұсталған кәмелетке толмағандар санын 2026 жылы 5 %-ға, 2027 жылы 7 %-ға, 2028 жылы 10 %-ға төмендету (дереккөз: ҚСАЕК 1-Н есебі)								
8.	Есірткіге қатысты құқық бұзушылықтар және қоғамның алкогольдену профилактикасы бойынша әкімдіктерді рейтингтік бағалау нәтижелері Қазақстан Республикасында нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар іс-шараларының орындалуы бойынша бағаланып, қорытындылары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жанындағы Республикалық штаб отырысында қаралады.								

1. Есірткіге қатысты ахуалды және оның динамикасының ерекшеліктерін мониторингтеу

9.	1-іс-шара . Қазіргі заманғы есірткі қылмыскерлігінің сын-қатерлері мен қауіптері жағдайында есірткіге қатысты ахуалдың	талдамалық шолу	ПМ, ДСМ, БП (келісу бойынша) ОМ, ҒЖБМ, ҰҚК (келісу бойынша),	жартыжылдықта бір рет, 2026 – 2028 жылдар	-	-	-	-	-	талап етілмейді
----	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------	------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------	---	---	---	---	---	-----------------

	дамуын талдауды мыналарға назар аударып жүргізу:	ҚМА (келісу бойынша)						
9.1	елдегі, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасында нақты есірткі тұтыну деңгейін, сондай-ақ психикаға белсенді әсер ететін заттардың жаңа түрлерін айқындау (синтетикалық опиоидтер, катинондар, каннабиноидтер және т.б.)							талап етілмейді
	есірткі, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын тасымалдаудың жаңа нысандары мен әдістерін,							

9.2	оларды елге жеткізудің сыртқы арналарының анықтау, есірткі курьерлері пайдаланатын негізгі ішкі маршруттарды айқындау				-	-	-	-	талап етілмейді
9.3	каннабис тобындағы есірткілерді өз шикізат базасы есебінен ішкі қайта өңдеу ауқымын белгілеу				-	-	-	-	талап етілмейді
9.4	прекурсорларды, конструкторларды, реакторлар мен өзге де зертханалық жабдыктарды пайдаланатын орындар, елішінде синтетикалық есірткі өндіру көлемін белгілеу				-	-	-	-	талап етілмейді

9.5	бейінді халықаралық ұйымдардың ақпараттық-талдамалық материалдарын зерделеу негізінде есірткі қауіптерінің жаңа түрлерінің пайда болуының жаһандық үрдістерін болжау							талап етілмейді
10.	2-іс-шара БҰҰ ЕҚБ жүргізетін ахуалды талдауға және халықаралық есірткі траффигін бағалауға, заңсыз есірткі айналымына қарсы бірлескен іс-қимыл шараларына қатысу	талдамалық ақпарат	ПМ, СИМ, БҰҰ ЕҚБ	2026 – 2028 жылдардағы 4-тоқсан	-	-	-	талап етілмейді
	3-іс-шара Прекурсорлардың заңды айналымы саласынд							

11.	<p>ағы тәуекелдерді басқару және деректер алмасу бойынша ақпараттық-талда малық жүйе (таргетинг-орталық) құрудың ұйымдастырылушылық негіздерін одан әрі іске асыру және жетілдіру</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметінде ақпарат</p>	<p>БП (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), ІІМ, Қаржы министрі, ДСМ, ӨҚМ, АШМ, КМ, ЖИЦДМ</p>	<p>2027 – 2028 жылдар ішінде</p>	<p>1 308 920</p>	<p>-</p>	<p>1 128 200</p>	<p>180 720</p>	<p>РБ</p>
12.	<p>4-іс-шара. Заңсыз есірткі айналымына жастарды тарту фактілеріне жол бермеу бойынша халықты кең ауқымды, оның ішінде ата-аналарға арналған "Әр үйге тест" ақпараттық науқанын өткізу (E-gov mobile)</p>	<p>e-Gov mobile-таратылым</p>	<p>ЖИЦДМ, ІІМ, МАМ, ДСМ, Еңбек министрі, ЖАО</p>	<p>2026 – 2028 жылдар ағы 4-тоқсан</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	

	арқылы хабардар ету								талап етілмейді
2. Профилактика, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту жүйесін жетілдіру									
13.	<p>1-іс-шара</p> <p>• "Заң мен тәртіп" қағидатын іске асыру шеңберінде енашақорлық пен есірткіге қатысты құқық бұзушылық профилактикасы, сондай-ақ салауатты өмір салтын, оның ішінде мыналарға: жазаның бұлтартпастығына;</p> <p>саналы өмір салтына және сыни ойлауға; есірткінің адамның когнитивті және репродуктивті мүмкіндіктеріне әсер етуіне және т.б.</p>	медиажоспар бойынша есеп	МАМ, ПМ, БП (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), ДСМ, Еңбекмині, ОМ, ҒЖБМ, ЖАО	2026 – 2028 жылдардағы 4-тоқсан	-	-	-	-	

	баса назар аударатырып, насихаттау бойынша МО және ҮЕҰ есірткіге қарсы қызметін ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету								талап етілмейді
14.	2-іс-шара Қоғамдық көлік жүргізушілерін есірткі тұтыну тұрғысында медициналық қарап-тексеруді енгізу бойынша ұсыныстар тұжырымдау	Қазақстан Республикасының Үкіметінде ұсыныстар	КМ, ИМ, ДСМ, ЖАО	2026 жылғы 2 - жартыжылдық	-	-	-	-	талап етілмейді
15.	3-іс-шара Нашақорлық профилактикасы бойынша республикалық және өңірлік фронт-офистермен	есеп	МАМ, ИМ, ДСМ, ҒЖБМ, ОМ, ТСМ, Еңбекмині, ҮЕҰ (келісу бойынша)	2026 – 2028 жылдардағы 4-тоқсан	-	-	-	-	

	ынтымақ тастықты кеңейту								талап етілмейді
16.	<p>4-іс-шара</p> <p>• ҮЕҰ-ны және бизнес-қауымдастық ресурстарын тартатырып, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарды қайта әлеуметтендіру бағдарламаларын ендіру</p>	қайта әлеуметтендіру бағдарламалары	ЖАО, Еңбекмині, ПМ	2026 – 2028 жылдар ағы ақпан, тамыз	-	-	-	-	талап етілмейді
17.	<p>5-іс-шара</p> <p>• Еліміздің барлық өңірінде өңірлік ерекшелікті ескеріп, сондай-ақ ҮЕҰ-ны, белсенді азаматтарды, танымал тұлғаларды, блогерлерді тартатырып, нашақорлық пен есірткіге</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЖАО, МАМ, ДСМ, ОМ, ҒЖБМ, ТСМ, ПМ,	2026 – 2028 жылдар ағы	-	-	-	-	талап етілмейді

	қатысты құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың жергілікті моделін құру жөніндегі жұмысты жалғастыру (CADCA әдіснамасы бойынша)	БП (келісу бойынша)	(ақпан, тамыз)						
18.	6-іс-шара. VR / AR-технологиялар негізінде жасөспірімдердің есірткі тұтынуын анық болатын шынайы салдардың симуляциясын көрсететін және олардан бас тартудағылардың қалыптастыратын интерактивті білім беру модульдерін әзірлеу	ендіру актісі	ЖИЦДМ, ОМ, ҒЖБМ, ДСМ, МАМ, Астана қаласының әкімдігі	2026 жылғы 2 - жартыжылдық	-	-	-	-	талап етілмейді
	7-іс-шара.								

19.	Төлем ұйымдары мен Қазақстан қаржыгерлері қауымдас тықтарын тарта отырып, есірткінің заңсыз айналымына байланысты күмәнді операциялар бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың қаржы институттарымен өзара іс-қимылы тетігін автоматтандыру жөніндегі халықаралық тәжірибені зерделеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат бірлескен бұйрық	ПМ, ЖИЦДМ, АХҚО (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша)	2026 жылғы 2 - жартыжылдық	-	-	-	-	талап етілмейді
	8-іс-шара Құқық қорғау және арнаулы орган қызметкерлерінің цифрлық активтердің айналымы мен		ПМ, БП (келісу						

20.	оларды бұғаттау саласында а блокчейн мен цифрлық активтерді талдау негіздерін зерделеу бойынша біліктілігін арттыру ("Chainalysis" жүйелері мен жұмыс істеуге және т.б. оқыту)	біліктілікті арттыру курстары	бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша)	жыл сайын	-	-	-	-	талап етілмейді
21.	9-іс-шара. Жабайы өсетін сора ошақтарын жою жөніндегі әдістемелік регламент әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	Жамбыл облысының әкімдігі, АШМ, ЭТРМ	2026 жылғы 1 - жартыжылдық	-	-	-	-	талап етілмейді
22.	10-іс-шара. Литва Республикасының уәкілетті органға есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың ресми тізбесіне	Қазақстан Республикасының Үкіметін	ІІМ, ДСМ, БП (келісу	2027 жылғы 1-тоқсан	-	-	-	-	талап етілмейді

	енгізілме г е н тыйым салынған заттарды ң тізімін бекіту бойынша тиісті құзырет беруге қатысты тәжірибе с і н зерделеу	е ұсыныста р	бойынша)						
23.	11 - іс-шара. Мыналар ды қоса алғанда, әскери қызметші лер мен құқық қорғау органдар ы қызметке рлері арасында нарколог иялық скрининг енгізу:	РСКҚ	ІІМ, ДСМ, Б П (келісу бойынша), Әділетми ні, ТЖМ, Қорғаныс мині, ҚМА (келісу бойынша)	2026 жыл	-	-	-	-	талап етілмейді
23.1.	скрининг т і ұйымдаст ыруды өзіндік қауіпсізді к қызметте рі не немесе жеке құрам жөніндегі инспекци я ғ а жүктей отырып, о н ы жоспарда н т ы с	іс-шара н ы өткізу	ІІМ, ДСМ, Б П (келісу бойынша), ТЖМ, Қорғаныс мині, ҚМА (келісу бойынша)	2026 – 2028 жылдард ағы 4-тоқсан	-	-	-	-	талап етілмейді

	және тосыннан өткізу								
23.2.	мамандан дырылған наркологиялық орталықтарда әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасында наркологиялық скринингті өткізудің тәртібі мен әдістемесін тұжырымдау	механизмді тұжырымдау	ДСМ, ПМ, БП (келісу бойынша), ТЖМ, Қорғаныс мині, ҚМА (келісу бойынша)	2026 жылғы 1 - жартыжылдық	-	-	-	-	талап етілмейді
23.3.	қызмет көрсететін медициналық ұйымдарда наркологиялық скрининг өткізу (экспресс-тестілеу)	экспресс-тестілеуді өткізу	ДСМ, ПМ, БП (келісу бойынша), ТЖМ, Қорғаныс мині, ҚМА (келісу бойынша)	2028 жылғы 1 - жартыжылдық	-	-	-	-	талап етілмейді
	12 - іс-шара. Әкімшілік және қылмыстық заңнама нормаларын								

<p>24.</p> <p>түсіндіру ді қоса алғанда, білім беретін мектеп оқушыла рына және колледжд ер мен жоо студентте ріне есірткіні таратуды ң , сақтауды ң және тұтынуд ы ң құқықты қ салдары, сондай-а қ денсаулы қ қ а тигізетін зияны туралы ақпарат беруді ұйымдаст ыру</p>	<p>Қазақста н Республи касының Үкіметін е ақпарат</p>	<p>ОМ, ҒЖБМ, ІІМ, ДСМ, ЖАО</p>	<p>2026 – 2028 жылдар, жартыжы лдықта бір рет</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>талап етілмейді</p>
<p>13 - іс-шара. Шетелдік практика н ы зерделеу негізінде интеракт ивті әдістерді, кейс-стад иді пайдалан а отырып , мектепте рде, колледжд ерде</p>								

25.	және жоо-да жастардың бойындағы ойлау қабілетін, қатарластарының қысымына қарсы тұру дағдыларының дамытуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға, сарапшыларды тартуға бағытталған бағдарламалар енгізу	есеп	ОМ, ДСМ, ҒЖБМ	2026 – 2028 жылдар 1 - жартыжылдық	-	-	-	талап етілмейді
26.	14 - іс-шара. Ата-аналарға арналған онлайн білім беру контенті мынадай модульдер бойынша дайындау : жаңа сын-қатерлер туралы хабардарлықты арттыру; отбасындағы	жарияланған контент	МММ, ҮЕҮ (келісу бойынша)	2026 жылғы 2 - жартыжылдық	-	-	-	

	бастапқы профилактика әдістері; " отбасылық дағдыларды " дамыту							талап етілмейді	
27	15 - іс-шара. Нашақорлық профилактикасы, оны емдеу жүйесін жетілдіру мақсатында халықаралық тәжірибені зерделеу және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін дамыту	есеп	ДСМ, Еңбекмині, ЖАО	2026 – 2028 жылдардағы 4-тоқсан	-	-	-	-	талап етілмейді
28.	16 - іс-шара. Есірткі заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарды емдеу және оған күтім жасау сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықара	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ	2027 жылғы ақпан	-	-	-	-	

	лық стандарттарды бейімдеу және ендіру								талап етілмейді
29.	17 - іс-шара. Елдің барлық өңірлерінде "Асар" мысалында аесірткіге тәуелділердің оңалту моделін кең ауқымда қолдану, сондай-ақ амбулаториялық медициналық-әлеуметтік оңалтуды кеңейту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ, ЖАО	жартыжылдықта бір рет, 2026 – 2028 жылдар	-	-	-	-	талап етілмейді
30.	18 - іс-шара. РПДҒТО филиалы (Павлодар қаласы) мен "Асар" медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшесінің жаңғырту және күрделі жөндеуден өткізу, оның ішінде:	орындалған жұмыстар актілері		2027 – 2028 жылдардағы 4-тоқсан	1 842 089	-	85 996	1 756 093	РБ

30.1.	күрделі жөндеу жүргізу үшін ғимараттардың техникалық зерттеп-қарауды жүргізу	техникалық зерттеп-қарау актісі	ДСМ	2027 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-	РПДҒТО меншікті қаражаты есебінен
30.2.	күрделі жөндеу жүргізуге арналған ЖСҚ әзірлеу	ЖСҚ		2027 жылғы 1 - жартыжылдық	85 996	-	85 996	-	РБ
30.3.	РПДҒТО филиалы (Павлодар қаласы) мен "Асар" медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшесінің күрделі жөндеуден өткізу	қабылдау актілері		2028 жылғы 4-тоқсан	1 756 093	-	-	1 756 093	РБ
31.	19 - іс-шара. Есірткі заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарды емдеу жөніндегі қолданыстағы стандарттарға, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға есірткі	Қазақстанның Республикасының Үкіметінің ақпарат	ДСМ	2026 – 2028 жылдар ағы 4-тоқсан	-	-	-	-	

<p>33.</p> <p>2 1 - іс-шара. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуда н болатын тәуелділі ктен зардап шегуші адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді жетілдіру мақсатында тиісті мәліметтер алмасуды қоса алғанда, лицензияланған жеке наркологиялық ұйымдармен өзара іс-қимылдың ұйымдық-құқықтық негіздерін белгілеу</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметінде</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметінде</p>	<p>ДСМ, ЖАО</p>	<p>2026 – 2028 жылдардағы 4-тоқсан</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>талап етілмейді</p>
<p>2 2 - іс-шара. Есірткіге тәуелділерге арналған оңалту жобалар</p>								

34.	ы н қолдау бойынша бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бағдарламаларын әзірлеу және ендіру	бағдарламаларды ендіру	Еңбекмині, ДСМ, ЖАО	2027 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-	талап етілмейді
35.	23 - іс-шара. "Кәмелетке толмағандар арасындағы девианттық мінез-құлықтың профилактикасын нығайтымыз-әжірибелік негіздері" атты орта білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының 80 сағаттық білім беру бағдарламасын әзірлеу	бағдарлама	ОМ	2026 жылғы 1 - жартыжылдық	-	-	-	-	талап етілмейді
	24 - іс-шара.								

36.	Білім беру ұйымдарында жеке профилактиканы, оның ішінде оқу орындарында тәуекел топтарындағы адамдарды анықтау мақсатында есірткічаттарда "боттарды" қолдану арқылы жетілдіру	есеп	ОМ, ҒЖБМ, ІІМ, ЖИЦДМ, ЖАО	2026 – 2028 жылдар ағы 1 - жартыжылдық	-	-	-	-	талап етілмейді
37.	25 - іс-шара. Есірткіні тұтыну белгілері анықталған кезде әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер алатын адамдарды денсаулық сақтау органдарына уақтылы жіберу жөніндегі іс-қимыл	есеп	Еңбекмині, ДСМ, ЖАО	2026 – 2028 жылдар ағы 4-тоқсан	-	-	-	-	

	спектрін кеңейту								талап етілмейді
38.	<p>26 - іс-шара. Білім беру ұйымдарында "Адал азамат" бірыңғай тәрбие бағдарламасы шеңберінде білім алушылар арасында дағдыға бағдарланған бағдарламалармен интерактивті әдістерді пайдалана отырып, нашақорлық профилактикасына және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған профилактикалық іс-шаралар өткізу</p>	есеп	ОМ, ЖАО	2026 – 2028 жылдардағы 4-тоқсан	-	-	-	-	талап етілмейді
	<p>27 - іс-шара. Салауатты мінез-құлық</p>								

39.	<p>дағдылар ы н қалыптас тыруға, ата-ана құзыретті г і н арттыруғ а және отбасыш ілік байланыс тарды нығайтуғ а баса назар аудар а отырып, психикағ а белсенді әсер ететін заттарды теріс пайдалан у профилак тикасына бағыттал ған отбасынд ағы өмір дағдылар ы на үйрету</p>	тренингт ер	МММ, ОМ, ҒЖБМ, ДСМ, ТСМ, ПМ	2026 – 2028 жылдард ағы 4-тоқсан	-	-	-	-	талап етілмейді
40.	<p>28 - іс-шара. Мессенд жерлер мен әлеуметті к желілер арқылы (TikTok, Telegram және т.б.) жасөспірі мдерді заңсыз есірткі айналым ы на тарту</p>	модуль	ПМ, ОМ	2026 жылғы 2 - жартыжы лдық	-	-	-	-	

	тетіктері туралы оқушылар мен ата-аналарға арналған оқу-ағартушылық модульді әзірлеу және ендіру								талап етілмейді
41.	29 - іс-шара. Өңірлік бағдарламалар шеңберінде орнықты қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, өткізілетін есірткіге қарсы іс-шаралардың тиімділігін арттыру	ұсынымдарды қамтитын талдамалық есеп мәслихаттардың шешімдері әкімдердің есеп беру кездесулері	ЖАО, ИМ, ОМ, ҒЖБМ, МАМ, ТСМ, Еңбекмині	2026 – 2028 жылдар ағы 4-тоқсан	-	-	-	-	ЖБ (қолда бар бюджет қаражаты шегінде)
42.	30 - іс-шара. Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне орайластырылған есірткіге қарсы	бір айдың ішінде профилактикалық іс-шаралар Қазақстан Республикасының	ИМ, ЖАО, ДСМ, ОМ, ҒЖБМ, МАМ, ТСМ, Еңбекмині, КМ	2026 – 2028 жылдар ағы мамыр – маусым 2026 – 2028 жылдар	-	-	-	-	ЖБ (қолда бар бюджет

	айлық өткізу (жыл сайын 26 мамыр – 26 маусым аралығында)	Үкіметін е ақпарат		ағ ы шілде				қаражаты шегінде)
43.	31 - іс-шара. Халықтың барлық топтары арасында, БАҚ-ты тарта отырып Халықар алық нашақорл ыққа және есірткінің заңсыз айналым ына қарсы күрес күніне орайластырылған (26 маусым) ақпараттық науқан өткізу	БАҚ-тағы жарияланымдар Қазақста н Республи каcының Үкіметін е ақпарат	ДСМ, МАМ, ПМ, ОМ, ҒЖБМ, Еңбекми ні, ТСМ, ЖАО	2026 – 2028 жылдард ағы 26 маусым 2026 – 2028 жылдард ағ ы шілде	-	-	-	ЖБ (қолда бар бюджет қаражаты шегінде)
44.	32 - іс-шара. Жолаушылар көлігінде, лифтілер де, LED-экрандарда, кинотеатрларда және басқа да қоғамдық орындард	орындалған	МАМ, ПМ, КМ, ЖАО	2026 – 2028 жылдард ағы	-	-	-	талап етілмейді

	а есірткіге қарсы насихат материалдарын орналастырудың әдістері мен нысандарын жетілдіру	жұмыстар актілері		4-тоқсан					
45.	33 - іс-шара. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде есірткіге қарсы сипаттағы көркем фильм сценарийін әзірлеп, оны шығаруды қамтамасыз ету	фильм	МАМ, ИМ, ДСМ	2027 жылғы 2 - жартыжылдық	-	-	-	-	талап етілмейді
